

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 50 (845) 13 желтоқсан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha\_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК –  
АЛТЫН ТАҢЫ АЛАШТЫҢ

Тәуелділік бұғаулады талай жыл,  
Іште жатты айтылмастан талай сыр  
Құл да болдық, сұм да болдық бірақта,  
Ақиқатын паш етіп жүр талай жыр.  
Тәуелді етті, бас игізді басқаға,  
Қиыншылық батты аяздай арқаға.  
Адамдарға қырғидай боп шүйліккен  
Сұм тағдырға біз қарадық таңдана.

Отаршылар ұлыларды тізгіндеп  
Олар айтты: «Қорғап жүрген біздер»-деп,  
Батырлықпен жанын қиған ерлердің  
Мүрделерін кетіп жатты құзғын жеп.  
Осылайша өтті өмірден ерлерім,  
Қаныменен, қорғап қалды жерлерін,  
Бабалардың батырлығын ту етсін!  
Келер ұрпақ жауыздықты көрмегін.

Иә, олар аш-жалаңаш қалдырған  
Қазақ үшін болды талай жан құрбан.  
Еске аламыз Алаштың ер ұлдарын  
Шабыспенен күн мен түнді таңға ұрған.  
Болашағың жарқын бүгім қазағым  
Сол бір кездің көрсетпесін азабын!  
Бойлай кіріп, қойдай қырған «қанішер»,  
Тартқан шығар, о, дүниенің тозағын.

-Міне бүгін, ел арманы арайлы,  
Тәуелсіздік «Алтын нұр»-боп тарайды!  
Сол бір нұрдан қуат алған болашақ  
Ел ордаға мақтанышпен қарайды.

Тәуелсіздік тойың келді іргеге  
Тойға шашу-шашу парыз бізге де  
Орта Азия жүрегіндей Астана  
Күннен күнге құлпырады түрлене.

Ширек жылда ғасыр ісін тындырған  
Сол ісімен жер әлемді таң қылған,  
Көзайым боп, Нұрсұлтанды көргендер  
Мақтан етіп өлең сөзбен жыр қылғын.  
Өр Алматы –Астананың тірегі  
Сері Астана Орта Азия жүрегі.  
Сағынышпен шетте жүрген қандастар,  
Елбасымды мақтан етіп жүреді.

Биыл міне, бітік шықты егінің  
Ақталғаны ол диқан төккен терінің.  
Табысымен ұлан-қайыр еңбектің  
Ақтап отыр Елбасының сенімін.

Тәуелсіздік мәңгілік бол баянды,  
Ұлт-ұлыстар пана тұтты саяңды.  
«Оян Қазақ» ұраны еді Алаштың  
Міне, бүгін өр қазағың оянды.

Аспанымда желбірейді көк туым  
Терді төгіп еңбек етер жетті күн  
Оқу оқып, еңбек істе ойна күл  
Мүмкіндік мол, еш уайым жоқ дәл бүгін  
Құтты болғай тәуелсіздік тойымыз!  
Тасқындап табыс, егіздесін қойымыз.  
Мекен еткен 100-ден астам ұлттармен  
Бір арнада тоғысады ойымыз.

Қазақ елім берік болсын тұғырың,  
Өркендетсін, көркем етсін қыз-ұлың.  
Тізгініңді берік ұстап қарышта,  
Өткен күннің ұмытайық ызыңын.

Қожа ҚАЗАНҰЛЫ, газеттің тілшісі.

16 желтоқсан. 1991 жыл. Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлар бойы  
еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі.  
16 желтоқсан – алты Алаштың айбынын айғақтаған,  
ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды  
жаңа белеске көтерген тәуелсіздік күні.



## ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Қазақстанның Тәуелсіздікке қол жеткізгенінен кейінгі жүріп өткен жолдары бүгінде бізден алыстап бара жатқан мәңгілік тарих болып қала береді. Бұл уақытты біз қазіргі ұлы жетістіктерімізбен салыстыра отырып бағалаймыз.

Бүгінгі таңда тәуелсіздігіміздің қалыптасуындағы Тұңғыш Президентіміздің рөлі айрықша айқын көрініп тұр. Республика экономикасы дамыған, тұрақты саяси жүйесі, азаматтарды күшті әлеуметтік қорғауы, бай тарихи дәстүрлері, көпұлтты халықтың достығы мен бірлігі бар мықты Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты.

Біз Солтүстік Қазақстан облысын мысал ете отырып, егемендік алғаннан кейін еліміздің қалай табысты дамығаны мен қалыптасқанын байқай аламыз. Облыстағы жалпы өңірлік өнім соңғы 30 жылда 1,2 миллиард теңгеден 1,5 триллион теңгеге дейін өсті. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 1,4 мың теңгеден 2,9 миллион теңгеге дейін ұлғайды.

Отыз жыл ішінде қайта өңдеу саласында 100-ден астам кәсіпорын іске қосылды. Тәуелсіздік жылдары өңірге 2,2 триллион теңге инвестиция тартылды. Тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға беру 32 есеге: 10-нан 306 мың шаршы метрге дейін өсті. 1991 жылдан бастап облыс бойынша 5 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Соңғы үш онжылдықта өңірде 45 мектеп, 12 балабақша, 14 аурухана, 6 емхана және 1,3 мың спорт нысаны салынды. Таяудағы 5 жылда өңіріміздің 300 ауылына жаңғырту жүргізілді.

Біздің облыс аграрлық секторға инвестиция тартудың орталығына айналды. Биыл ауыл шаруашылығына 140 млрд. теңге инвестиция тартылады. Бұл - ел бойынша

агроөнеркәсіптік кешенге тартылған барлық инвестициялардың төрттен бірі. Өнеркәсіп саласында да өсудің нақты тенденциясы байқалады. Өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 1,8 есе, 191-ден 360 миллиард теңгеге дейін ұлғаяды. Тұрғын үй құрылысына орасан зор инвестиция құйылуда. Бес жыл ішінде облыс бойынша 21 мыңнан астам пәтер салуды жоспарлап отырмыз. Соның арқасында 70 мыңнан астам адам баспаналы болады. Бұл - біздің облыстың әрбір жетінші тұрғыны. Өңірде 15 жаңа мектеп пен 47 медициналық нысан салынады.

Әлеуметтік маңызы бар жобалардың құрылысы жүргізілуде: университет үшін заманауи оқу-зертханалық корпус, әскери институт үшін оқу корпустары мен көпсалалы аурухана. Бұл нысандардың ашылуы білім мен медицинаны дамудың жаңа деңгейіне шығарады.

Солтүстік Қазақстанның басты байлығы адамдар екені даусыз. Жерлестеріміздің есімдері мен істері Тәуелсіз Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды. Біздің әр ауылымыз бен қалада өз жеріне шексіз берілген, рухы мықты, еңбекқор және адал, өз қолымен елдің ұлттық байлығын және оның құрамдас бөліктерін құратын адамдар аз емес. Барша еңбеккерлерге атқарып жатқан істеріне барлық дарынын, жүрек жылуы мен пәк сезімін жұмсап жатқандары үшін алғыс айтқым келеді.

Сіздерді осы маңызды тарихи оқиға – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға, әрбір отбасыға, жақындарыңыз бен туған-туысқандарыңызға денсаулық, амандық, бақыт және еңбек табыстарын тілеймін!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

\*\*\*\*\*

## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан елі Тәуелсіздігінің 30 жылдығын зор қуанышпен қарсы алып отырмыз. Көк туын желбіреткен, Әнұранын шалықтатқан еліміздің барша азаматтарына береке-бірлік, жасампаз еңбек, толағай табыстар тілеймін.

Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Баршаңызды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Сіздерге берекелі ғұмыр, бейбіт аспан, мықты денсаулық тілеймін! Барша бастама-талпыныстарыңыз жемісті болып, туған Жеріміз, Еліміз – Қазақстан гүлденіп, көркейе берсін! Әр отбасына татулық пен ырыс-береке, Отанымыздың игілігі мен жарқын болашағы

жолында жаңа табыстар тілеймін. Баршаңызға аспандарыңыз ашық, көңілдеріңіз шат, еңбектеріңіз жемісті болуын тілеймін. Әрқайсымыздың қажырлы еңбегіңізбен сүйікті Отанымыз – Қазақстан гүлдене көркейіп, нығая берсін! Еліміздің Көкбайрағы бейбіт аспан астында желбіреп, әлемге таныла берсін!

Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды болсын. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

Руслан АҢБАЕВ, Тайынша ауданының әкімі.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚҰМАР АҚСАҚАЛОВ «МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ АЯСЫНДА СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

# ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ӨСІМ БАР



Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов өңірдің дамуы туралы баяндады. Негізгі салалар бойынша өсім бар.

Халықтың табысы өсіп, жалпы еңбекақы қоры ұлғаяуда. Биыл 9 айда барлық солтүстікқазақстандықтардың еңбекақысы 178 млрд теңгеге жетті. Былтыр осы кезеңде 151 млрд тг болған еді. Бір жылда еңбекақы қоры 18% көбейді. Облыста орташа еңбекақы 19% өсті. Тиісінше, зейнетақы қорына түскен қаржы көлемі 22% ұлғайды.

«Жыл басында 12 мың жаңа жұмыс орнын ашу міндеті қойылды, жоспар орындалды. Экономиканың дамып жатқанының тағы бір белгісі – салық түсімдерінің өсуі. Былтыр облыс қазынасына 58 млрд тг түсті, биыл 67 млрд теңгеге жетпек. Жергілікті бюджет былтырғы жылмен салыстырғанда 323 млрд теңгеден 393 млрд теңгеге дейін немесе 22% өсті. Осының арқасында әлеуметтік маңызы бар көптеген жобалар жүзеге асты», - деді өңір басшысы.

Сонымен қатар, ауылдардың инфрақұрылымын жаңартуға көп қаржы бөлінді. Биыл 132 ауылды жаңғыртуға 22 млрд тг бағытталды. Елді-мекендерде мектептер, емдеу мекемелері, ауыл жолдары және су желілері жөнделді.

### СҚО АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ САЛАСЫНДА 8 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ 34 ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Ауыл шаруашылығы Солтүстік Қазақстан облысының дамуының қозғаушы күші. Биыл бұл салаға құйылатын инвестиция 140 млрд теңгеге жетеді. Қазақстанның ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның төрттен бірі солтүстік өңірге тиесілі. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов мәлімдеді. Оның мәліметінше, биыл ауыл шаруашылығы саласында 48 млрд теңгелік 34 жобасы жүзеге асырылуда.

«Майлы дақылдар алқабын ұлғайту мақсатында үлкен жұмыс жүргізілді. Тәуелсіздік алған жылдары облыста оның алқабы 51 мың га болған. Бүгінде 1 млн га дейін артты. Майлық дақылдарды қайта өңдеу жұмыстары қолға алынды. Қазір өңірде оларды өңдейтін Қазақстандағы ең ірі зауыт салынуда. Жылына 370 мың тонна өнім өңдейді. Облысқа 15 млрд теңге инвестиция тартылды, 200 аса тұрақты жұмыс орны ашылады. Жаңа кәсіпорын облыстағы майлы дақылдардың 90% өңдеуге мүмкіндік береді. Өңірде 7 астық қоймасы мен тұқым шығаратын зауыт салынуда. 3 мың тоннаға жуық көкөніс өсіретін жылыжайдың құрылысы басталды. Қазақстан бойынша сүт өндірумен 500 шаруашылық айналысса,

оның 90-ы Солтүстік Қазақстан облысында, яғни әрбір 5-ші ферма солтүстікте шоғырланған. СҚО ел бойынша сүт фермаларын салу жағынан көш бастап тұр. Қазақстанда 29 сүт кешені салынуда, оның жартысы біздің өңірде. Биыл 16 шаруа қожалығының құрылысы басталып, жыл соңына дейін 10 кешен іске қосылады, оларда 500 жаңа жұмыс орны ашылады. Жаңа фермалар қосымша 45 мың тонна өнім береді. Осы жобалардың арқасында бір жылдың ішінде сүт өндіру көлемі 598 мыңнан 630 мың тоннаға дейін өседі», - деді облыс басшысы. Оның айтуынша, жыл сайын өңірде сүт өңдеу көлемі ұлғаяуда. Өңірдегі екі сүт зауыты өндірісті жаңғыртуға және заманауи желілерді іске қосуға 15 млрд теңге бөледі. Тамыз айында «Маслодел» зауытында жаңа сүт желісі іске қосылды. Кәсіпорынның қуаттылығы 87 мыңнан 119 мың тоннаға дейін өсті. Жақында өңірді ірімшікпен толық қамтамасыз ететін жаңа зауыты іске қосылады. Сондай-ақ, ет өндірісін 60 мыңнан 100 мың тоннаға дейін көбейту жоспарланған. Осы мақсатқа жету үшін 13 мың басқа арналған екі бордақылау алаңы салынуда. Облыста 2 жаңа құс фабрикасының құрылысы басталды. Қой шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасы қабылданды. Облысқа 13 мың бас қой әкелінді.

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 15 МЕКТЕП ПЕН 47 МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН САЛЫНАДЫ

Білім беру саласында да өзгерістер көп. Биыл 4 млрд теңгеге 52 білім мекемесі күрделі жөндеуден өтті. Мектептерді жаңарту жұмысы үшінші жыл қатарынан жүргізіліп келеді. Осылайша өңірдегі барлық мектептердің 64% жаңартылды. Балалар мен мұғалімдерге барынша жағдай жасалды. 84 мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Бұл туралы Орталық

коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов мәлімдеді.

«Облыс орталығында 900 балаға арналған қазақ тілді мектеп ашылды. Ауылдарда тағы екі мектеп салынады. Қалада 1,2 мың орындық мектептің құрылысы басталады. Жалпы, алдағы жылдары өңірде 15 мектеп салынады. Заманауи зертханалары бар оқу-зертхана ғимаратының құрылысы жалғасуда. Әскери институтқа да жаңа ғимараттар құрылысы жүргізілуде. Әлемдегі ең үздік университеттердің бірі – Аризона университетімен келіссөздер жүріп жатыр.

Солтүстікқазақстандық студенттер америкалық университеттің цифрлық білім беру ресурстарына қол жеткізе алады. Қос дипломдық білім беруді енгізу жоспарланған», - деді өңір әкімі.

Бұдан басқа, заманауи көп салалы аурухана салынуда. Денсаулық сақтау саласында ауруханалар заманауи МРТ, КТ, ангиограф және рентген аппараттарымен жабдықталған. «Береке» және «Жас өркен» шағын аудандарында жаңа емханалар ашылады. Облысты кешенді дамыту жоспарына сәйкес, ауылдық жерлерде 47 медициналық нысанның құрылысы басталады.

Президенттің тапсырмасымен облыста мемлекеттік спорттық тапсырыс жүзеге асырылуда. Облыстық бюджеттен 200 млн теңге бөлінді. Бүгінде 2100 бала түрлі спорт түрлерімен тегін айналысады. Облыста спорт инфрақұрылымы дамып келеді. Қазір 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр, екі хоккей корты ашылады.

### ӨЗ ӨНДІРІСІҢ - ҮНЕМ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ШЫҒАРУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛУДА

Индустриялық экономиканы трансформациялау. Бұл өнеркәсіпті дамытудың және перспективалы инвестициялық жобаларды іске асырудың арқасында мүмкін болды. Мысалы, ламинатталған фанера комбинаты мен жұмсақ контейнерлер шығаратын фабрика есебінен. Бұл туралы Орталық коммуникациялар



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ, БИЫЛ БҮЛ САЛАҒА  
ҚҰЙЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯ 140 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖЕТЕДІ,  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА САЛЫНҒАН  
ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ТӨРТТЕН БІРІ СОЛТҮСТІК ӨҢІРГЕ ТИЕСІЛІ

ҚҰМАР АҚСАҚАЛОВ



қызметінде өткен брифингте СҚО басшысы Құмар Ақсақалов мәлімдеді. Оның айтуынша, жыл аяқталып қалды, жаңа кәсіпорындардың көрсеткен нәтижелері жақсы. Мысалы, фанера комбинаты іске қосылған сәттен бастап 8,5 мың текше метр өнім шығарды. Елімізге жыл сайын 90 мың текше метр импортталатынын ескере отырып, республиканың осы өнімге деген барлық қажеттілігінің 10% жабылды.

«Зауытта ламинатталған фанераға сұраныстың 30%-ын қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Қазір комбинат жүктемесі 100%, 3 айға жетерлік тапсырыстар алынды. Бұл инвесторда бөлшектер тақтасын шығаратын зауыттың жобасы бар. Инвестициялар 4 млрд теңгені құрайды. Жаңа жобаны іске қосу өңірдің және елдің жиһаз саласын дамытуға серпін береді. Жұмсақ контейнерлер шығаратын фабрика айналымын ұлғайтуда. Ашылған күннен бастап 1,2 млрд теңгеге 220 мың биг-бег жүргізілді. Кәсіпорынның тапсырыс берушілері - Қазмырыш және Қазақмыс сияқты белгілі компаниялар. Биыл елімізде құрылыс материалдары айтарлықтай қымбаттады, ал біздің облыс оларды сырттан әкеледі. Құрылыс материалдарын басқа аймақтардан тасымалдау оның соңғы бағасына әсерін тигізеді. Бұл мәселенің шешімі – облыс аумағында құрылыс материалдары өндірісін ұйымдастыру. Өңірде қазір кірпіш зауытының құрылысы аяқталуда, ол өңірдің кірпішке деген қажеттілігінің 30%-ын жабуға мүмкіндік береді. Сұранысқа ие тағы бір құрылыс материалы - автоклавты газоблок. Жақында облыс орталығында осындай зауыт ашылды. Тағы бір перспективалы бағыт - қағаз өнімдерін өндіру. Петропавлда қағаз бұйымдар фабрикасын салып жатырмыз, ол майлықтар, гигиеналық және кеңсе қағаздарын шығаратын болады», - деді өңір басшысы жоспарлармен бөлісе отырып.

«Қызылжар» арнайы экономикалық аймағы аумағында перспективалы инвестициялық жобалар іске асырылуда: электротехникалық зауыт және «CLAAS» ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жөніндегі кәсіпорын. Қағаз өнімдерін өндіру бойынша тағы бір жоба іске қосылмақ.

#### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ ТУДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС АЛҒА ЖЫЛЖЫТУДА

Соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облыстарында кәсіпкерлер саны 2,7 мыңға артты, 5 жыл ішінде ШОБ өнімдерін шығару 2 есеге өсті, 374 млрд теңгеден 776 млрд теңгеге дейін, бюджеттің кіріс бөлігінде ШОБ-тан түскен салықтар үлесі 49-дан 61% дейін ұлғайды. Бұл туралы өңір басшысы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

«Көріп отырғандарыңыздай, жобалар аз емес, бұл көрсеткіштерді жақсартуға берік негіз болады. Жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 360 млрд теңгені құрайды деп күтілуде. Бір жыл ішінде қосымша 45 млрд теңге. Облыс инвесторлар үшін тартымды. Оны көрсеткіштерден байқауға болады. Инвестициялар көлемінің өсімі - 12%, 286 млрд теңгеден 320 млрд теңгеге дейін», - деді Құмар Ақсақалов облыстың дамуының негізгі көрсеткіштеріне тоқтала келе.

#### ҚАҚСАҚАЛОВ: БІЗ ҮШІН БАСТЫ ИНДИКАТОР – ҮЙДЕГІ СУ. 4 ЖЫЛ ІШІНДЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 100% СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

2021 жылы СҚО-да жол желісін жөндеу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. Жол төсемі 813 км, оның ішінде елді мекендерде жақсарды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов мәлімдеді.

Өткен жылдағыдай, кентішілік жолдарды жөндеу

бойынша үлкен жұмыстар жалғасын тапты. 44 ауылда асфальт төселді. Биыл жақсы жолдардың үлесі 74% құрады.

«4 жылда 98% жеткіземіз. Жөндеу жұмыстарымен 2,1 мың шақырым жол қамтылады, осы жолдардың бойында 350 ауыл бар. Өңір үшін өзекті мәселелердің бірі - сумен жабдықтау. 2021 жылы облыс бойынша қаржыландыру 1,8 есеге, 11,4 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. 49 елді мекенде ауыз судың сапасы артты. Біз үшін басты индикатор – үйдегі су. Бір жыл ішінде ауылдарда 159 км желі тартылып, 3 мың отбасы орталық сумен жабдықтауға қосылды. 18 ауыл қосылған Преснов топтық су құбырының екінші кезегі іске қосылды, онда 11 мың адам тұрады. Келесі жылы сумен жабдықтау саласына шамамен 9 млрд теңге бағытталады», - деді әкім.

Алдағы 4 жылда 78 ауылда су мәселесі шешілетін болады. Ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз ету 83,5-тен 100% -ға дейін артады.

#### ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА 2021 ЖЫЛ ҚАРҚЫНДЫ ӨСУ КЕЗЕҒІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ

Солтүстік Қазақстан облысында 53 көпқабатты үй салынып жатыр, оның 23-і жеке құрылыс салушылар есебінен. 3,5 мың пәтер пайдалануға беріледі. Жаңа баспананы 12 мың солтүстікқазақстандық алады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте өңір басшысы Құмар Ақсақалов мәлімдеді.

Биыл 340 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Алдағы жылға 400 мың шаршы метр салу жоспарланып отыр. Мұның негізі жаңа және өтпелі жобалар болады.

«Жас өркен», «Береке» және «Орталық» шағын аудандарын салу жалғасуда. Кезекте – «Қопай» және

- Ираннан жақында келгендер, 9 отбасы бұрын Иранда тұрып, Маңғыстау облысына көшіп келген, шамамен бір жыл сол жерде тұрып, бізге көшіп келгендер. Өздеріңіз білесіздер, жұмыс күші артық өңірлерден (Оңтүстік облыстар мен Маңғыстау облысы) қоныс аудару бағдарламасы бар. Адамдарға бір жылға дейін қоныс аудару және жалға алу ақысы төленеді. Бұл тартымды жағдайлар. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысы жақсы жерлерімен және жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізу үшін жақсы мүмкіндіктерімен танымал. Кім жұмыс істегісі келсе, жұмыс әрқашан табылады. Бұл бағдарлама өңіріміз үшін өте қажет деп ойлаймын», - деп атап өтті спикер.

Айта кетейік, қандастарға жұмысқа орналасуға және көшу кезінде құжаттарын жоғалтып алғандарға оны қалпына келтіруге көмек көрсетіледі. Осы мәселелерді шешу үшін ИМ-ге сұрау салдық.

#### АЛЫПСАТАРЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛУ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МЕРЕКЕ КЕЗІНДЕ БАҒАНЫҢ КӨТЕРІЛУІН БОЛДЫРМАУ ҮШІН КҮН САЙЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТКІЗІЛЕДІ

«Сарапшылардың пікірінше, бүкіл әлемде азық-түлік бағасы үштен бірге өсті». СҚО әкімі Құмар Ақсақалов ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің сөзін журналистің сұрағына берген жауабында келтірді. «СҚО-да азық-түлік қымбаттады. Негізгі, мысалы, сәбіз, картоп, нан қанша тұрады. Бұл жағдайды қалай түзейсіз?», - деп сұрады Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингке қатысушы.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берген өңір басшысы бұл пандемия мен құрғақшылықтың



«Жағалау». Жаңа жөндеу бағдарламасы апаттық және ескірген тұрғын үйлерді бұзуға мүмкіндік береді. Қала бойынша барлығы 1,7 мыңнан астам ескі және апатты үйлер сүріліп, 6 мыңнан астам қала тұрғынының тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмектесті. Сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы да дамып келеді. «Солнечный-2» және «Южный» шағын аудандарына барлық қажетті инфрақұрылым жүргізілуде. Су құбыры, жолдар және электр желілері тартылып жатыр. 3 мың дайын жер учаскесі ЖТҚ кезегінде тұрғандарға беріледі. Алдағы 5 жылда 2,3 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Бұл 21 мыңнан астам пәтер. 70 мың адам өз баспанасына ие болады. Бұл облыстың әрбір жетінші тұрғыны. Тәуелсіздік жылдарында облыста 5 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді», - деп қорытындылады спикер.

#### СҚО ӘКІМІ: ҚАНДАСТАРҒА ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ КӨМЕКТЕSEMİZ, ИМ-МЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙMİZ

Солтүстік Қазақстан облысына Иран мен Ауғанстаннан қоныс аударған қандастардың климат пен тұрмысқа бейімделуі қалай өтті? Бұл туралы өңір басшысынан Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сұрады. Құмар Ақсақаловтың айтуынша, облысқа күзде 25 отбасы қоныс аударған. Олар Есіл және Шал ақын аудандарына орналастырылды.

«Олардың барлығы тұрғын үймен қамтамасыз етілген, қазіргі уақытта құжаттар рәсімделуде. 25 отбасының 16-сы

салдары деп мәлімдеді.

«Бағаны тұрақтандыру үшін тұрақтандыру қорлары құрылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 1,9 млрд теңге бөлініп, 10 мың тоннаға жуық әлеуметтік маңызы бар 19 негізгі азық-түлік: ұн, картоп, қырыққабат, тауық еті, қарақұмық, күнбағыс майы, сары май... сатып алынды, олармен азаматтар бірінші кезекте қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл көлемді өндірушілерімізден арзан бағамен сатып алып, оны қаланың 25 нүктесінде сатамыз. Бұл дүкендердегі тауарлардың 70% - тұрақтандыру қорынан арзан бағамен алынған өнімдер. Картоп пен қырыққабат 115 теңгеден, ал әлеуметтік нан 73 теңгеден сатылады. Бұл ел бойынша ең төмен баға, өйткені біз арзандатылған бағамен тауар өндірушілерден бидай сатып алдық, ұнға ұсаттық және нан пісірушілерімізді қамтамасыз еттік, бұл бізге келесі жылдың егініне дейін бір жыл бойы бағаны ұстап тұруға мүмкіндік берді. Біз бұл механизмді екінші жыл бойы пайдаланып келеміз. Тауар интервенциясы қажет, бұл бізге бағаның мезгіл-мезгіл көтерілуін тоқтатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кеше ғана жақсы бір тетік қабылданды. Тәуелсіздік күні мен жаңа жылдық мерекелер қарсаңында күн сайын Петропавл қаласы мен аудан орталықтарында жәрмеңкелер өткізетін боламыз. Ертеңнен бастап. Азық-түлік бағасын ұстап тұру үшін, кейбір сатушылар мерекелік толқуды пайдаланып, бағаны көтергісі келетінін білеміз. Бұл алыпсатарлық», - деді өңір басшысы.

АСТЫҚТЫ ӨҢІР АСУЛАРЫ

Сенатта "Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары" тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтіп, онда облыс әкімі Құмар Ақсақалов баяндама жасады.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев ауыл шаруашылығы еліміз үшін стратегиялық маңызы бар салалардың бірі екенін, осы себепті Сенат жұмысында басымдыққа ие екенін атап көрсетті. "1995 жылдан бастап ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 4,5 есе, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі 2 есе өсті. Қазақстан шетелдерге 7 млн. тоннаға дейін бидай шығару арқылы әлемдегі ең ірі экспорттаушы елдердің қатарына қосылды. Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттау 50 пайызға ұлғайды", - деді Мәулен Сағатханұлы. Құмар Ақсақалов өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында экономиканы дамытудың басты драйвері саналатын ауыл шаруашылығын дамыту бойынша нақты міндеттер жүктегенін, өңірдің бұл бағыттағы әлеуеті жоғары екенін айта келіп, атқарылған шараларға тоқталды. - Ауыл шаруашылығы саласының ішкі өңірлік өнімдегі үлесі 25 пайызды құрайды. Алда тұрған басты талап - отандық өнім көлемін ұлғайту. 3 жылда агроөнеркәсіптегі өсім көлемі 516 млрд. теңгеден 779 млрд. теңгеге дейін немесе 1,5 есе өсті. Биыл 10 айда 865 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл - өткен жылға қарағанда 86 млрд. теңгеге көп. Ендігі меже - бұл көрсеткішті 1 трлн. теңгеге дейін жеткізу, - деген Құмар Іргебайұлы егіс алқаптарын әртараптандыру талапқа сай жүргізіліп жатқанын атап өтті. Майлы дақылдар егістігі 1 млн. гектарға жуық, яғни еліміздегі ең жоғары көрсеткішке ие.

Еліміз бойынша қамбаға құйылатын астықтың төрттен бірі теріскейдің еншісінде. Агротехникалық іс-шараларды толық орындаудың арқасында өнім өндіру көлемі де, сапасы да айтарлықтай жақсарды. Машина-трактор паркін жаңарту жалғасып, 2322 техника сатып алынды. 2018 жылмен салыстырғанда, себілген тыңайтқыш көлемі 113 мыңнан 160 мың тоннаға дейін, элиталық тұқымның сортын жаңарту 5,3 пайыздан 9 пайызға дейін артты. Алдағы уақытта тыңайтқыш сіңіру 200 мың тоннаға, тұқым жаңарту 10 пайызға ұлғайтылады. Облыс әкімі ескірген техниканың үлесі әлі көп екенін, бұл астық себу және жинау кезінде үлкен қолбайлау тудыратынын айтты. Ал жаңа техника қымбат. Мысалы, Германияда "Claas Tisano-430" комбайны 131 млн. тенге тұрады, жергілікті жерлерде оның бағасы - 159 млн. тенге. Басқа импорттық комбайндар бойынша да баға осыған жетпеген. Сондықтан диқандарды қолжетімді техникамен қамтамасыз ету - басты міндеттердің бірі. Құмар Ақсақалов мал шаруашылығы саласында қалыптасқан жетістіктерді де тілге тиек етті. Соңғы үш жылда 12 заманауи сүт фермасы салынса, жыл аяғына дейін тағы 16 кешен пайдалануға беріледі. Оларда 45 мың тонна сүт сауылатын болады. 13 мың бас малға арналған екі бордақылау алаңы, жылына 6 мың тонна ет өндіретін екі құс фабрикасы тұрғызылуда. "ЕМС" ЖШС-і шошқа кешенінің қуаттылығын 50 мың бастан 100 мың басқа дейін көбейтіп, жылына 10 мың тонна ет өндіру мүмкіндігіне ие болады. Бүгінге дейін 3 мың бас асыл тұқымды ірі қара мен 13 мың бас қой сатып алынды.

Құмар Іргебайұлы ауыл шаруашылығы өнімдерін қалдықсыз өңдейтін "BioOperations" кәсіпорнының жұмысына да тоқталды. "Тайынша Май" зауыты технологиялық жағынан жаңғыртылып, майлы дақылдарды қайта өңдеу мөлшері 90 пайызға дейін жеткізіледі. Былтыр 600 мың тонна сүт өндіріліп, жартысынан астамы қайта өңдеуге жіберілді. "Маслодел", "Евразия Милк" кәсіпорындарына 15 млрд. теңге инвестиция құйылып, қуатты желілер іске қосылды. Сөйтіп, сүтті қайта өңдеу 60 пайызға дейін артты. Бүгінде еліміздегі сүттің төрттен бірі солтүстік өңірде өндіріледі. Өсімдік шаруашылығына - 18 млрд., мал шаруашылығына - 8,8 млрд., басқа салаларға 26 млрд. теңгенің мемлекеттік қолдауы көрсетілді.

- Биыл облыста азық-түлік өнімдерінің бағасын бір деңгейде ұстап тұру үшін тұрақтандыру қорына жергілікті бюджеттен 1,9 млрд. теңге бағытталды, - деген өңір басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін бірқатар ұсыныстарды ортаға салды. Біріншіден, жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сапалы және қолжетімді минералды тыңайтқыш, пестицид, ауыл шаруашылығы техникаларымен қамтамасыз ету. Екіншіден, субсидия жоғары нәтижелерге, биік көрсеткіштерге қол жеткізген шаруашылықтарға бағытталуы тиіс. Ол үшін өндіріс көлемін кеңейтіп, еңбек өнімділігін арттырып, жалақыны көбейтіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқандар бірінші кезекте ескерілуі керек. Үшіншіден, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің институциональдық жауапкершілігін қайта қараған ләзім. Өкінішке қарай, шаруалардың құқықтары көп, ал міндеттері аз. Осы себепті ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне, өмір сапасына жете көңіл аудару керек. Өңір басшысы жоғарыда айтылған ұсыныстар қолдау тапса, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға зор септігін тигізетініне, облыста аграрлық саланы қолдау мен дамытуға бағытталған жүйелі жұмыс жалғаса беретініне сенім білдірді.

Өмір ЕСҚАЛИ, журналист.

ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Тәуелсіздік бүгінгі күні шынайы өмір ақиқатына айналып отыр. Тәуелсіздікке жету жолында талай өмір белестерінен өттік. Осы өткен жылдар тарих тағылымында маңызды да мазмұнды тарихи кезең болып сақталары сөзсіз. Біз әрқашан Тәуелсіздік күнін жай ғана мерекелеп қоймай, жоғары бағалауға тиіспіз. Тәуелсіздік - әрбір қазақстандық жолының айқын бағыты екенін әсіресе, жастар толық сезінеміз. Біз, жастар елімізде болып жатқан өзгерістерге әрқашан сындарлы тұрғыдан баға береміз. Ең бірінші жетістігіміз, елімізде тұрып жатқан барша ұлт өкілдерінің айнымас достығы мен ел тыныштығы. Осының бәрі Елбасының, Тұңғыш Президенттің сындарлы саясатының арқасында. Бүгінгі таңда халықты жұмыспен қамту мәселесі оң шешімін тауып, халықтың жағдайы жақсара бастады. Ендігі алға қойған міндет - аянбай еңбек етіп, бірлігімізді сақтау керек. Елбасы айтқандай: «Еліміз тыныш болса, біз бағындырмайтын биік болмайды». Ел бірлігін сақтасақ, бойымыздағы бар күш-жігерімізді, өмірлік еңбек тәжірибемізді бір ортаға біріктірсек, бірлесе еңбек атқарсақ, сонда ғана озық елдер қатарынан қалмаймыз. Ілгері қарай қарымды қадам жасай береміз деген сөз.

Тәуелсіздік күні - біздің мемлекетіміздің бостандығының белгісі. Тарихтың осы бір шамалы кезеңінде Қазақстан халқы құқықтық және экономикалық тәуелсіз мемлекет құра білді.

Қымбатты жерлестер! Тәуелсіздік күні мерекесі құтты болсын! Елімізде әрқашан бейбітшілік, халықтар арасында достық болып, кейінгі жас ұрпақтың ойлары мен жарқын істері еліміздің игілігіне жарасын! Өз басым жас ұрпақтың ел болашағы жолында өздеріне жүктелген жауапкершілікті терең сезініп, сапалы білім алып, тәуелсіз еліміздің келешегі жолында еңбек атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі құтты болсын!

Мереке ХАМЗИН, «Nur Otan» партиясы Тайынша аудандық филиалының басшысы.



ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР! ҚЫМБАТТЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді шын жүректен ұлттық мерекеміз - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз! Бұл мереке шындығында еркіндіктің және еліміздің тәуелсіздігінің тұған күні.

Міне, биыл Қазақстан әлем тарихында өзінің отызыншы жылын аяқтады деуге болады. Еліміздің экономикасының қалыпты дамып, әлем жұртшылығы тарапынан сый-құрметке ие болатындай түрлі іс-шаралар өткізілуде. Онымен қоса, экономикалық реформалардың сәтті орындалуы еліміздің дағдарыс қаупінен аман қалуымыздың кепілі болды. Қазақстан өзінің тәуелсіздік алған күнінен бастап өзі таңдап алған жолымен келеді. Еліміз көптеген жақсы жетістіктерге қол жеткізіп, әлем алдында беделін нығайтты. Қазақстан Республикасын ынтымағы жарасқан көп ұлтты мемлекет ретінде бүгін әлем жұртшылығы таниды. Еліміздің күнтізбесіне еңген «Тұңғыш Президент» күні мерекесі отандастарымыздың тарапынан қолдау тауып аталып өтті. Өйткені, Қазақстан Республикасының кешегі өткені мен бүгінгі болашағы Елбасымыз, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланысты. Шотландия халқының ұлттық батыры Уильям Уоллас «Тәуелсіздік - ол әр халықтың арманы, Тәуелсіз болу - ол бақыт» деген екен. Сондықтан, құрметті отандастар, осы қасиетті күннің қасиетін түсіне білейік. Кейбір халықтар тарихтан белгілі, тәуелсіздігіне қан төгіп жеткен, Елбасының өлшеусіз еңбегінің арқасында Ресей сияқты алпауыт мемлекеттің құрамынан бөлініп, бабаларымыз армандаған өмірге қол жеткіздік. Әлемде қаншама халық отансыз босып жүр. Олар біздің өмірімізге қызыға қарайды. Білім саласын дамыту, Республикада оқу және оқыту деңгейлерін көтеру мақсатымен жаңа заманауи мүмкіндіктер берілуде. Білім мәселесі де Елбасының назарынан тыс қалмады. Мемлекеттік тіліміздің аясы кеңіп, қоғамға қызмет етуде. Осы күннің мағынасына терең үңіліп, әрбір қазақстандық, еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосса дейміз.

Құрметті жерлестер! Сіздерді осы тарихи елеулі мерекемен құттықтап, шын жүректен табыс, отбасылық береке, бақыт, тілейміз. Еліміздің қанаты қатайып, буыны берік болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Гүлнар ИГІБАЕВА, аудандық білім бөлімінің басшысы, Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА, аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді еліміздің ең басты және елеулі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Ең биік ұлттық мәртебеге ие және халқымыздың бостандығы мен бірлігін айғақтайтын бұл мереке әрқайсымыз үшін айрықша асақ әрі ардақты. Өйткені нақ осы күні қазақ халқының тәуелсіздік туралы сан ғасырлық арман-мүдделері орындалды. Өзінің мән-маңызы жөнінен бұл оқиға ата-бабаларымыздың барлық жетістіктерінен де асып түседі. Қазақстан нағыз тәуелсіздікке ие болудың арқасында қысқа мерзімнің ішінде қуатты да гүлденген мемлекет құруда таңданарлық табыстарға қол жеткізді. Барша азаматтардың игілігіне айналатын тиімді де бәсекеге қабілетті экономиканың негізі қаланды.

Елбасымыздың саясатының басты ұстанымы бүкіл қоғамдағы татулық пен келісім де қазақстандық мемлекеттіліктің негізі мен берік іргетасын қалайды. Бұл теңдес жоқ тәжірибе - біздің басты байлығымыз бен дәулетіміз, әлемдік қауымдастықта қолданыс пен зерттеу арқауы болып табылады.

Бүгінде біздің алдымызда Елбасы бастамашылығымен жасалған ірі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың аса маңызды, ең алдымен индустриалды-инновациялық даму, қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, ТҚШ саласын жаңғырту міндеттері тұр.

Солтүстік Қазақстан облысы республика экономикасының дамуына өзінің үлесін қосып келеді. Өнеркәсіп өндірісі тұрақты жұмыс істеуде, ірі индустриялық жобалар жүзеге асырылып, жаңа технологиялар енгізілуде, тұрғын үйлер, білім және денсаулық сақтау нысандары салынуда. Облысымыз «Еліміздің басты астықты өңірі» құрметті атағын ақтай отырып, қолайсыз ауа-райы жағдайына қарамастан, астықтан жоғары жалпы түсімін қамтамасыз етті.

Еліміздің әр азаматының әл-ауқатын қамтамасыз етіп, тиімді әлеуметтік жаңғырту жүргізу, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру мемлекеттік органдар мен қоғамның барлық жұмысының басты бағыты болып қала бермек.

Қымбатты жерлестер!

Елімізде және өңірімізде болып жатқан барлық оң өзгерістер - егемен Қазақстан тарихының бір бөлшегі. Осы ретте Сіздер мен біздің ортақ міндетіміз - осы жылдардағы жетістіктерімізді сақтап, арттыру, еліміздің тұрақты дамуын және балаларымыздың лайықты болашағын қамтамасыз ету. Өйткені, Елбасымыз атап көрсеткендей «Тәуелсіздік - біздің ең қастерлі құндылығымыз».

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға мықты денсаулық, береке, молшылық, ашық аспан және Отанымыздың гүлденуін тілеймін!

Нина ПОПОВА,

аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.



\* Көпшілік Назарына

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

Жас қылқан жапырақты өсімдіктерді қорғау - әр азаматтың міндеті. Жаңа жыл ең сүйікті және көңілді мерекелердің бірі. Жаңа жылда балалар ерекше қуанады, олар бұл күні Аяз ата тек сыйлықтар ғана емес, сонымен қатар жаңа жылдық шыршаны да әкеледі деп асыға күтеді. Көптеген адамдар Жаңа жылды жаңа піскен инелердің иісі бар нағыз орман сұлулығымен қарсы алуды ұнатады. Ескі ұлттық салт - дәстүрді ұнататындар үшін, Қазақстан Республикасы ЭКБМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығына сәйкес, мемлекеттік орман иеленушілермен жаңа жылдық шыршаларды сатып алу және шығару тек ұйымдар мен мекемелердегі мәдени - көпшілік іс - шараларды Комитеттің бекітуімен және әкімдіктің жаңа сұраныстары бойынша өткізуге рұқсат. Жас қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесу, пісіру, тасымалдау фактілерінің жолын кесу мақсатында жаңа жыл қарсаңында, заңсыз ағаш кесу және кесу қауіпті бар жерлерде күзет және патрульдеу кестелері әзірленді. Орман дақылдары жойылған немесе үзілген, сондай - ақ табиғи шыққан жас қарағайлар жойылған немесе бүлінген жағдайда бір данаға келтірілген залал 43755 теңгені құрайды. Жас қылқан жапырақты ағаштарды кескені үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 381-1 - бабының 2 - бөлігіне сәйкес заң бұзушыларға әкімшілік айыппұл салынады: тұлғаларға 291700 теңге, лауазымды тұлғалар, субъектілер бойынша салық кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 875100 теңге, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 1 166 800 теңге, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 2 917000 теңге заңсыз кесілген блоктарды, көлік құралдарын және құқық бұзушының қылмыс жасау туралы болып табылатын басқа да заттарын тәркілеумен айналысуда. Сондықтан, аудан тұрғындары мен қонақтары мерекені өздеріңіз бүлдіріп алмауын сұраймыз. Жасанды шыршаларды пайдалану да сізге және сіздің жақындарыңызға мерекелік әсер сыйлайды. Мерекелеріңіз құтты болсын! Сақтықта - қорлық жоқ!

Ж.К. АХМЕТОВ,

Орлиногор орманшылығы, орманшы - инспектор.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады. Индекс: 65710. Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген. Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 397. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ: 8 (715 36) 2-36-96. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.